

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Таиланд Корольдігінің Үкіметі арасындағы дипломатиялық және қызметтік/ресми паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 192 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Таиланд Корольдігінің Үкіметі арасындағы дипломатиялық және қызметтік/ресми паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Мұхтар Бескенұлы Тілеубердіге Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Таиланд Корольдігінің Үкіметі арасындағы дипломатиялық және қызметтік/ресми паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.06.2017 № 382 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 7 сәуірдегі
№ 192 қаулысымен
мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Таиланд Корольдігінің Үкіметі арасындағы дипломатиялық және қызметтік/ресми паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Таиланд Корольдігінің Үкіметі

өз мемлекеттерінің арасындағы достық қарым-қатынастарды одан әрі нығайтуға ниет білдіре отырып, Тараптар мемлекеттерінің азаматтары – дипломатиялық және қызметтік/ресми паспорттар иелерінің өзара сапарларын жеңілдете отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Жарамды дипломатиялық және қызметтік паспорттары бар Қазақстан Республикасының азаматтары Таиланд Корольдігінің аумағына кірген күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге келу, болу, кету немесе транзитпен өту үшін, Таиланд Корольдігінің аумағында кез келген еңбек қызметімен, кез келген кәсіпкерлік немесе кез келген ақы төленетін өзге қызметпен айналыспайтын жағдайда, визалық талаптардан босатылады.

2-бап

Жарамды дипломатиялық және ресми паспорттары бар Таиланд Корольдігінің азаматтары Қазақстан Республикасының аумағына кірген күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге келу, болу, кету немесе транзит арқылы өту үшін, Қазақстан Республикасының аумағында кез келген еңбек қызметімен, кез келген кәсіпкерлік немесе кез келген ақы төленетін өзге қызметпен айналыспайтын жағдайда, визалық талаптардан босатылады.

3-бап

Осы Келісімнің 1 және 2-баптарында аталған әрбір Тарап мемлекетінің басқа Тарап мемлекетінің аумағында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктерге, консулдық мекемелерге немесе халықаралық ұйымдардың өкілдіктеріне тағайындалған азаматтары, сондай-ақ жарамды дипломатиялық және қызметтік/ресми паспорттары бар, олармен бірге тұратын отбасы мүшелері басқа Тарап мемлекетінің аумағына кірген күнінен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге визасыз келе алады, кете алады және бола алады. Аталған мерзім СІМ немесе аккредиттеуші мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінің өтініші бойынша болу мемлекетінің СІМ шешімімен жоғарыда көрсетілген адамдардың тағайындалу мерзімінің соңына дейін ұзартылуы мүмкін.

4-бап

Осы Келісімнің 1 және 2-баптарында аталған әрбір Тарап мемлекетінің азаматтары басқа Тарап мемлекетінің аумағына халықаралық қатынастар үшін ашық мемлекеттік шекараны кесіп өтетін кез келген пункттер арқылы келе алады және кете алады немесе транзитпен өте алады.

5-бап

Осы Келісімнің 1 және 2-баптарында аталған әрбір Тарап мемлекетінің азаматтары басқа Тарап мемлекетінің аумағында болу кезінде болу мемлекетінің ұлттық заңнамасын құрметтеуге міндетті.

6-бап

Әрбір Тарап осы Келісімнің 1 және 2-баптарында аталған басқа Тарап мемлекетінің азаматына, егер бұл адам қолайсыз деп танылса, өз мемлекетінің аумағына келуінен бас тарту, онда болуын қысқарту немесе тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

7-бап

Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары осы Келісімге қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы жарамды дипломатиялық және қызметтік/ресми паспорттардың үлгілерімен алмасады. Тараптар дипломатиялық арналар арқылы бір-бірін жаңадан енгізілген дипломатиялық және қызметтік/ресми паспорттар немесе қолданыстағы паспорттар түрлеріне енгізілген өзгерістер туралы хабардар етеді. Жаңа паспорттардың үлгілері олар қолданысқа енгізілген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей басқа Тарапқа жіберіледі.

8-бап

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың міндеттемелерін және құқықтарын қозғамайды.

9-бап

1. Тараптардың әрқайсысы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, денсаулық сақтау және қоғамдық тәртіпті қорғау мақсатында осы Келісімнің қолданылуын уақытша, ішінара немесе толық тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

2. Тараптар осы Келісімнің тоқтатылуы немесе қайта қолданысқа енгізілгені туралы мұндай шешімнің күшіне енетін күніне дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы бір-біріне хабарлайды.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты туындаған кез келген келіспеушіліктерді немесе дауларды Тараптар консультациялар немесе келіссөздер арқылы шешеді.

11-бап

1. Тараптардың өзара келісу бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалар нысанындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген хаттамалар осы Келісімнің 12-бабына сәйкес күшіне енеді.

12-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі дипломатиялық арналар арқылы осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы басқа Тараптың тиісті жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 6 (алты) ай өткенге дейін күшінде қалады.

Осыны куәландыра отырып, өздерінің құрметті Тараптары тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

201__ жылғы " __ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ, тай және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының

Таиланд Корольдігінің

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін